

№14 “Шолпан” бөбекжай-бақшасы

Оқушы болуға дайынсың ба?

Тәрбиеші: А.Қайрова

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін: *Баты*

Бөбекжай бақша әдіскері:
А.Байқадамова

«Оқушы болуға дайынсың ба?» сайысы

Мақсаты: Балалардың жыл бойы алған білімдерін тиянақтау. Балалардың өз бетінше ізденуге, ойларын еркін жеткізе білуге баулу. Ой-өрісін, тілін, ойлау қабілетін дамыту.

Сайыстың барысы:

Шаттық

шеңбері.

Психологиялық

дайындық. Топқа бөлу. Қызығушылықтарын ояту.

Мейірімді жүрекпен,

Ақ пейілді тілекпен.

Амандасып алайық,

Бір жадырап қалайық.

Сәлеметсізбе ?

-Сәлеметсіңдер ме? Көңіл-күйлерің қалай?

-Жарайсыңдар, олай болса біз бүгін балабақшадан алған білімімізді тиянақтап, не үйренгенімізді осы ойын-сабағымызда көрсететін боламыз. Дайынбыз ба? Өзімізге «Үш шапалақ» әдісі арқылы сәттілік тілеп алайық. Сәттілік!

-Балалар жыл мезгілдерін атаңдаршы?

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем айларын білесіңдер ме?

-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?

-Бір аптада неше күн бар?

Балалар біз сабағымызды бастамас бұрын топқа бөлініп алайық.

Жарайсыңдар, жайғасып отырыңдар. Балалар біз балабақшаны аяқтап, қайда барамыз? Дұрыс айтасыңдар, мектепке. Оқушы боламыз. Оқушы болу үшін бізге не керек? Сөмке.

Топтық жұмыс. «Оқушы құралдарын тап»

Алдарында балалар оқушы сөмкесі жапсырылған парақ бар. Біз көптеген суреттің ішінен оқушының құралдарын тауып, желіммен жапсыруымыз керек.

Өз-өзімізді «От шашу» арқылы бағалайық.

Балалар, қараңдаршы. Мұнда сөмке тұр. Оның қасында оқушының құралдары жатыр екен. Біз құралдарды сөмкеге салайықшы. Ол үшін оқу құралдары бізге тапсырма дайындап қойыпты. Сол тапсырманы орындасақ, құралдарды сөмкеге салады екенбіз.

Оқушы сөмкесін көрсетіп, оның ішіне салатын қажетті құралдарды көрсету.

Әр құралды сөмкеге салу үшін тапсырмаларды орындату.

Тапсырмалар:

1.Қаламның тапсырмасы: «Бұл қай сан?» (сандарды көрсету арқылы қай сан екенін сұрау)

2.Сызғыштың тапсырмасы: «Тура және кері санау»

3.Күнделіктің тапсырмасы: «Санның көршілерін табу»

4.Түрлі-түсті қарындаштың тапсырмасы: «Салыстыру»

5.Қайшының тапсырмасы: Суретпен жұмыс «Санау»

6.Түрлі-түсті қағаздың тапсырмасы: «Есеп шығару»

Сергіту сәті:

Саусақ жаттығуы.

7.Ермексаздың тапсырмасы: «Қай дыбыстан басталады?»

8.Сурет альбомының тапсырмасы: «Сөздерді буынға бөл» «Сөйлем құра»

9.Өшіргіштің тапсырмасы: «Сөздерге дыбыстық талдау жаса»

10.Желімнің тапсырмасы: «Логикалық сұрақтарға жауап беру»

-Үшбұрыштың неше бұрышы бар?Төртбұрыштың ше?Дөңгелектің ше?

-Қоянда неше құлақ бар? Адамда ше?

-Қолда неше саусақ бар?

-Ағашта 5 құс отыр ,оның 2-еуі ұшып кетті,ағашта қанша құс қалды?

-Себетте 4 алма,табақта 3 алма.Барлығы неше алма?

-Дүкеннен анам дөңгелек 2 доп алып келді,оның біреуін ініме бердім.Менде неше доп қалды.

-Ағашта 9 жапырақ бар еді,оның 5 еуі желмен ұшып түсті,нешеуі қалады?

11.Қаламның тапсырмасы: «Жұмбақтар шешу»

Қабат-қабат қапталған,

Асыл сөзбен апталған.

Парағы бар сөйлейтін,

Ол қазына өлмейтін. (Кітап)

Бөлінгенді жабыстырып,

Жымдастырған жігіт де.

Байқамайсың түгін де. (Желім)

Жұқа тақтай бөлшегі,

Ұзындықтың өлшемі. (Сызғыш)

Тілі жоқ өзінде.

Сөзі бар ізінде. (Қаламсап)

12.Ұштағыштың тапсырмасы: Алақанның суретін салу .

Бағалау.

Балаларды жұлдызшамен бағалау.

Сайысты қорытындылау.

көреді

